

ISSN 1811-1831

# ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ САҒЛАДЫР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



4'2008



ПМУ хабаршысы  
Вестник ПГУ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ

## **«ДАЛА УАЛАЯТЫ» ГАЗЕТІНІҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛІК ҰСТАНЫМЫ**

*Ж. Бижан*

**С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті**

Зерттеушілер бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде баспасөз теориясы пайда болды деген қорытынды жасаған. Бұл кезеңде жеке тұлғаларға және топтарға психологиялық әсер ету үшін насихат жасаудың қажетілігі туды.

Баспасөзде арнайы теориялық тұжырымдамасыз, ағымдағы оқиғалар жайында инстинкті түрде ақпарат тарату әдісін қолданудың әсерсіздігі көрініс тапты. Әлемдік қоғамдық байланыс журналистика саласына да жалпы теорияның басымдығының қажеттігін көрсетті. Соның негізінде БАҚ-тардың теориясы мен әдістемесін жасаудың мәні, рухани-мәдени өрлеудегі журналистиканың ролі, ұстанымы, типологиясы, қызметі және т.б. әлеуметтік-қоғамдық деңгейдегі орны туралы зерттеу жасауға мүмкіндік туды.

Патшалық Ресей «Дала уалаяты» газетін отарлау саясатын жүзеге асырудың құралы ретінде пайдаланып, цензураға алғанымен осы кезеңдердегі газетте қызмет еткен орыстың озық ойлы азаматтары басылым теориясы мен моделін XVIII ғасырдағы еуропалық беделді басылымдарының ұстанымы тұрғысында қарастырып, баспасөз оқырмандарына сүйсініп, қалың қауымның қоғамдық санасының жетілуіне ықпал жасау бағытында қарастырғаны байқалады.

Мәселен, 1895 жылығы «Дала уалаяты» газетінің 2, 3-сандарында қазақ еліндегі саятшылық баяндалатын «Қазақтардың аң аулауы» деген мақала беріліпті [1]. Мақалада қазақтың үш дәуірдегі саятшылығын сараптаған:

- бірінші – хандық дәуірінде әрбір қазақ күшті болуға, әдістерді игеруге, батырлыққа, тапқырлыққа, ширақтыққа үйренуді машықтанды, өйтпесе, көшпелілер өз мүліктерін, кейде өз өмірлерін қарақшылардан қорғай алмас еді, аңшылық халық әндерінде айтылғандай еркеше бір жетістік саналғаны, бос уақыттарын қазақтар далада аң аулап, өздерінің тәсілқойлыққа, шыдамдылыққа, батылдыққа төселіп, аттарының да күшін сынайды, сондықтан, тыныш отыруды ұнатпайтын, қызық оқиғаға күштар жігіттерді, аң аулау жайларын жақсы білетін тәжірибелі аңшылардың бірін басшы қылып, салбурын деп аталатын партияларға топтанады, аштыққа, күннің ыстығы

мен суығына төзімді, жыртқыш аңдардан қорықпайтын аңшыларды жақсы аңшылар деп атаған;

- екінші дәуірде – күс бегілік және аң аулайтын тазы ұстау бертін келе үйренген кәсіп, мұндай саятшылықпен ақсүйектер мен байлар айналысқан;

- үшінші дәуірде – казактар орыстардың бодандығына өткен кезеңде саятшылық құруы, бұл дәуірде казактар аңшылықты өздерінің сүйікті кәсібі ретінде қараған, осы тұста қақпаң, тұзақ құру сияқты қосалқы құралдар пайдалануды үйренген, сондай-ақ, саятшылықтан аң аулауды өндіріс кәсібі ретінде жүргізу пайда болды. Осыған орай киіктердің, маралдардың, бөкендердің, жолбарыстардың, аюлардың, түлкілердің, бұлғындардың сусарлардың және қырғауылдардың терілері қымбат бағаға сатылып, мол пайда берген.

Одан әрі мақалада аңшылық табиғатты қорғау заңдылығын сақтамай жасалуынан көнекөз қариялардың айтуынша, көптеген бағалы терілі аңдар тым азайып кеткені, енді бөкендерді, маралдарды, киіктерді және қырғауылдарды құрта бастағандығы жайындағы дерек беріледі. Аңшылардың көпшілігі бөкендердің жуас екенін біледі, олар күзде және қыста табын-табын болып жайылады және су ішуге барғанда бір жолмен бірінің соңынан бірі топтанып жүреді. Келе жатқан бөкендер мылтықтың даусын естігенде күрт кейін бұрылады, екінші рет мылтықтың даусын естігенде мылтық бірінші атылған жаққа қарай ойысады. Осылай бір аңшыдан қашып, екінші аңшының оғына түсетін бөкендерді тегіс атып алу оңайға түседі. Бөкендер аңшының өзін көргенде ғана тым-тырақай жан-жаққа бытырап қашады екен. Әрине, мұндай жағдайда олардың көпшілігі аман қалады. Қыстып үні аңшылар бөкендердің су ішетін жерін және жолын байқап алады. Содан соң жол ортасынан үлкен ор қазып, бетін шыбықпен немесе шоппен жауып қояды да, өздері шұңқырға жақындау жол бойына жасырынып, бөкендер жақындаған

кезде айғай салып, оларды қоршап қазылған орға құлатады. Қазақтар осындай жыртқыштық әрекеттері арқылы бөкәндерді қырып бітіреді. Өскемен оязында Ергіс өзеніне құятын Бөкән деген өзен бар, көнекөз қариялардың айтуынша, бұл өзеннің бойында бөкәндер көп болған, сондықтан, өзен Бөкән деп аталған. Бөкән өзенінің жағалауындағы орлар бөкәндердің жосықсыз қырылған жердің белгісі.

Мақалада Зайсан оязының Тәуке руының қазақтары көшіп, қонып жүретін Үйшілік деген жерде бөкәндер көп, оларды сол рудың адамдары жыртқыштықпен қырып жоюда, – деп ерекшеліп, оқырманды бейжай қалдырмайтын пікір жазылған. Осы пікірді айқындата түсуді мақсат еткен мақала авторы келесі мынадай деректі: «Тарбағатай тауларының солтүстігі мен күншығыс жағындағы Жар елінің аумағындағы Орқанар тауларында бұғы деген аң болады. Бұл аңдарды Орқанар, Жар еліндегі көшіп жүретін Байжігіт деген ел атып алып жүреді», – деп атап көрсеткен.

Орыс тіліндегі мәтінде: «...Байжигитцы истребляют маралов в большом количестве, не разбирая ни возраста, ни пола», – деп байжігіттіктердің катыгез, жануарлар өміріне аса жауыздықпен қарайды деп батпандап көрсеткен.

Бөкәндерді жаппай қырушылар туралы газеттің қазақ тіліндегі аудармасында: «Қарт адамдардың айтуы бойынша, бұрынғы уақытта бұл өзеннің жағасында бөкәндер жайылып жүреді екен. Қазақтар һәм казак-орыстар бұл бөкәндерді қырып өлтіріп бітіріпті. Мұның растығы Бөкәнің жағасындағы қазып тастаған орлардан білінеді» десе, орыс тіліндегі нұсқасында «По рассказам старожилков, очень недавно по берегам этой речки паслись буканы, отчего и речка получила свое имя. Ямы, которыми изрыты берега речки Букана, служат немым доказательством обилия здесь этих кротких животных, истребленных столь варварским способом», – деп жазылған. Мақаланың орыс тіліндегі

түпнұсқасындағы мәтінде бөкендерді тек қана аяусыз қырған казактар деген ұғымды аудитория санасына тықпалаған. Қазақ тіліндегі аудармасында қазақ елі боландыққа түскеннен кейін қоныс аударған казак-орыстар да осындай онай олжаны қанжылаларына байлағаны ерекшеленген.

Одан әрі автор Байжігіттіктерден естіген мынадай:

- Бұғының бұтақты қос мүйізінен қытайлық дәрігерлер өте қымбат дәрілер дайындайтыны, әсіресе, күзде ауланған бұғының мүйіздері аса құнды екені, қыс аяғында бұғының мүйіздері түлеп түсетіні, жаз ортасында жетіліп шығатыны;

- Бұғының қос мүйізі Қытайда 20 лань (лань – күміс кубигі – ланьнің номиналдық құны 2 сомға тең) тұратыны;

- Осындай баға байжігіттіктерді ғана емес, қытай шекарасына таяу тұратын барлық казактарды да қызықтырып, бұғы аулаушылар саны көбейіп, бұғылар көптеп қырылғаны;

- Қарқаралы аумағының оңтүстік және оңтүстік-шығысында киіктердің көп болғаны, олар да табын-табынмен жайылатыны, жыл маусымдарында орындарын ауыстырып отыратыны, казактар киіктерді мүйіздері үшін аулайтыны;

- Ботов жәрмеңкесінде киіктің мүйізінің бағасы – 2-3 сом болғандығы, киікті жылдың төрт мезгілінде де аулайтыны, киіктің мүйізінен мол пайда табатыны, мәселен, бір аңшы бір жыл ішінде 90 киік аулағаны, аңшылар көбейіп, киіктердің де құрып бара жатқаны;

- Қариялардың айтуынша, ежелгі қазақ даласында бұлғын, сусарлар көп болған, басқа аңдардың терісіне қарағанда казактар арасында бұл жұмсақ жүнді аң терілер өте қымбат болған, осы аңдар Тарбағатай тауларының солтүстік-шығысында көп екендігі, қазақ даласында қырғауылдың да аз еместігі, оларды казактар қаршыға, сұңқар салып аулайтыны, қырғауылдың ұзын қаламдарын

жинап шоқ қылып, жүк артылған түйенің үстіне қадап қойғаны, қырғауылдың канатының, күйрыгының ұзын қаламы қазақ даласында өте қымбат болғаны;

- Қазақтар аңды пайдалы кәсіп ретінде қолданудан гөрі, өздерінің тамаша өнерін көрсетуді көбірек ойлайтын салтының болғаны, сондықтан, аңға шыққанда қасына қол адамдарды ергін жүретіні, дәстүр рәсімі бойынша құрмет етіп, қасындағылардың жасы үлкеніне аулаған адал ірі аңды сыйлайтыны, шөпкең қоректенетін адал аңдарды атып алғанда: мергенші терісін, төсі мен оң санын алатыны, қалғандарын аңшының жолдастарына байлайтыны, олардың үлкендеріне молырақ үлес тиетіні, мұны «мүше алмақ» деп атағаны;

- Көнекөз қариялардың айтуынша, күндыздың болғаны, бірақ, құрып кеткені, күндызды атып алған мерген терісін иелейтіні, бауыр терісін жолдасына беретіні, бірақ, аң аулауға бірінші шыққан аңшы жаңа мылтықпен атып алған, жаңа қайырған күспен ұстаған, жаңадан үйреткен тазымен ұстаған аңдарды біреуге байламастан ырым қылып өзі алатыны, оны алғанда жерден оң қолымен көтеріп, қанына мылтықтың дүмін сүргіш, қайырған күсына немесе итіне аң етінің дәмін таттыратыны, үйіне келгенде олжасын алдымен сол жақ босаға тастап, содан кейін керегенің басына іліп қоятыны;

- Автордың бағамдауында, қазақтар аңға шығатын уақытын анықтап айтуға болмайтындығы, өйткені, олар қай уақытта да болсын аңға шыға беретіні, алайда, көнекөз қариялар, моллалар жазғытұрым күс жұмыртқаларын басатын, балапандарын шығаратын, аңдар балаламаған кездерде оларға тиісуге болмайтынын айтатыны;

- Жазғытұырым қазақтар қаршығаларын құсқа салады, қасқырдың, түлкінің күшіктерін індерінен қазып алып, жүйрік атқа мініп алып, қуалайтыны, тазыға ұстататыны, қасқырдың ұрғашысын соғып алатыны, алайда, қасқыр індерін бұзғанға ызаланып, үй малдарына шабатыны;

- Жаздыкүні мергендер бағалы терілі және шөппен қоректенетін аңдарды аулайтыны;

- Күздікүні және қыстыкүні аңдарды көбірек аулайтыны, күздікүні бағалы терілі аңдардың терісі құлшырып, қоюлана түсетіні, әсіресе, қасқырларды көп аулайтыны, өйткені, жылдың бұл мезгілінде қасқырлардың табаны семірген соң (оларды қасқырлар май табан болады дейді) жүгіре алмайтыны, оны кез келген атымен жүріп соғып алуға болатыны және күзде жыл құстары топтанған кезде қазақтар үйретілген қаршыға, сұңқар, лашын, ителгілермен құс аулайтыны;

- Күз аяғында қазақтардың қыстауына көшетіні, рулардың өкілдері өздерінің жылқыларын бір табынға жинап, жылқылары көптері жылқышы жалдайтыны, барлық жылқышыларға арнап қос тігіп беретіні, жылқы иесінің бұйрығы бойынша жылқыларды қыс бойы қыстақтан тысқары шөбі мол жерге жаятыны, мұндай бақташылық өмірді қазақтар отар деп атайтыны, аңшылар мылтықтарын, қақпандарын және аң аулауға үйретілген құстарын алып, иттерін ертіп, жылқы баққан отаршылармен бірге жүретіні, қыс ортасына дейін аңшылар бағалы терілі аңдар мен шөппен қоректенетін аңдарды барынша көп аулап алатыны, мұндай аңшылықты қазақтар салбурын дейтіні, қазақтың қыры ішінде біраз жерде, ал көбінесе таулы, орманды, адамдар қоныстанбаған шөптері мол жерлерде отар мен салбурын дәстүрінің сақталып келе жатқаны, кедей адамдар салбурынға бармай бүркіті, тазысы, мылтығы және аты бар болса аңды үйлерінде жүріп аулайтыны, олар қыстыкүні мылтық пен итпен аң аулағаннан бүркітпен аулағанды тиімді санайтыны, аң аулаудың да шығыны көп болатындықтан, қазақтардың көпшілігі аң ауламайтыны, бай және орта деңгейдегі қазақтар ғана аңшылықпен айналысатыны, олар уақыт өткізу үшін емес, өнімді сату үшін аң аулайтыны, атап айтқанда, аңшылықты табыс көзіне айналдыратыны;



- Қазақтар қасқыр, түлкі, аю, ақ кес, бұлғың, тиың, қарсақ, борсық сияқты бағалы терілі аңдарды және шарияғат бойынша рұқсағ етілген архар, тау ешкі, киік, бөкен, бұғы, қоян сияқты шөппен қоректенетін адал аңдарды және суда жүзетін және қоға ішінде жүретін барлық адал құстарды аулайтыны жөніндегі деректер беріліпті.

Осы деректердің түп тамыры қазақтардың үлкенге құрмет, кішіге ілтипатпен карауға тәрбиелейтін халықтық педагогика ілімінің кағидалары қамтылған салт-дәстүрге беріктігін, жақсылыққа бейімделу әділдікке жету мұратының бастауы екендігін айғақтайтын: «Аң таппаған атынан көреді, ата алмаған мылтығынан көреді», «Аңшының кешіккеніне сүйін», «Шын аңшының алдына аң өзі келеді», «Бөрі қартайса, тышқаншылы келеді», «Бөрінің аузы жесе де қаң жемесе де қан», «Жаман мерген теке атқан жеріне үш барды», – деген сияқты аң аулауда мергендік, тапқырлық ақыл-парасаттың туындысы айғақталады, олай болса, табиғаттың тепе-теңдігін аңдау тіршіліктің нәрі болып бағаланатынын, көне тағылымның көзін айырылып қалмаудың тірегі адамның болмысында екендігін ұмытпауға дәнжер болады.

Автордың қазақтар экологияны сақтау – тіршіліктің көзі, оны ұдайы сәулелі сәтінде ұстап тұру адамдардың ақыл деңгейіне қатысты деген ой-түйіні дұрыс десек те, мұны қазақтар ойлай алмайды, өйткені, олардың аңқаулығы басым дегені Ресей өкіметінің бодандағы халықтарды тең көрмеу, дәстүр-салтын бағалауға құлық қоймай, нәмқұрайлылық көрсету саясатына шырмалғаны деп түсінеміз. Бұл ретте ежелгі грек философы, ритор, софистік дәстүрді құптайтын Протагор – (б.д.д. 480-410 ж. шамасында): «Жел соққан кезде біреу тонады, біреу тоңбайды. Олай болса, сол желдің суық немесе жылы деп нақты айта алмаймыз» (Таранов Павел «Звезды мировой философии», «Энциклопедия высокого ума». – Москва Аст

издательство, 1999.), [2] – деген дүниетаным пайымына зер салсақ ойымыздың пәрменділігіне тірек аламыз.

Ұлы дала деп аталған өңірдің иелері кейінгі ұрпақтарына әлемдік адамзат құндылығына теңдес тіршіліктің салт-дәстүрін, әдет-дағдысын қалдырып кеткенін айғақтайтын көнеқоз қариялардың көкіректеріндегі сырға баламалы мәдени және рухани байлықтары – алтын сандықтары кешеуілдеп ашылғаны, ол жөнінде кезінде аз жазылуы көп мәселені нақтыландыруда қиындық көрсетіп келе жатқаны қазір де байқалып жүр. Мақалада қазақтың аңшылығында нысап жоқ, аңдарды есепсіз шетінен қыра беріп, экологияға зиян келтірілді деген пікір орын алғанымен, халқымыздың ділін, өнегелі тәлімдерін айғақтайтын тарихи танымдары жазылған.

Қасиетті құранда аңшылыққа рұқсат етілген. Бірақ, еріккенің ермегі үшін жазықсыз хайуандарды өлтіре беруге болмайды. Аңға шыққанда екі түрлі мақсат болуы керек: 1) Аңның етін тамақ үшін пайдалану. 2) Терісін тұрмыс қажетіне жұмсау. Мұсылман баласына ораза ұстаған, қажыға барған тұстарда аң аулауға, жан-жануарларға зәбір көрсетуге қатаң тыйым салынады (Құранның «әл-Маида» сүресінің 94, 95, 96-аяттары) [3]. Олай болса, әр оқырман мақала авторы айтқандай, қазақтар аң аулауда жосықсыздық көрсетеді деп үзілді-кесілді түйін жасаудың аржақ-бержақтарын байыптауға мүмкіндік алады.

Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» атты тарихтық және этнографиялық шолуында: «Мылтық шыққанға дейінгі аңшылардың қолданатын тәсілі қанысын тауып ұстау: көне заманның бір әдісі – аран. Аңдарды ұстау үшін тау арасынан ені тар қоршау жасап, олардың жан-жағына аң кіргенін кейін шегініп, шыға алмайтындай өткір істік орнатады. Мұнан кейін аңдарды айдап келіп осы қоршауға енгізеді. Тасқа қашалып жазылған осындай аңшылықтан қалған таңба-суреттердің көне замандардан бізге жеткені аз емес», - дейді. Сөбең: «Қазақтың

аңшылық өнерінде көне заманнан күні бүгінге дейін ең көп қолданылатын әдісі – иг жүгіртіп, күс салу» (Мұқанов Сәбит. «Халық мұрасы»: тарихтық және этнографиялық шолу. «Қазақстан» баспасы, Алматы – 1974. – 86-87 б.), – деп жазады. Сөйтіп, ол аңшылықты өнер деп бағалаған. Аңшылық туралы зерттеушінің соңында Сәбит Мұқанов: «Жалпы аңшылықтың қай түрі болса да қазақтың ұлттық спортының бір түрі, ол жөнінде өлең, жыр, музыкалық шығармалар аз емес. Соның ішінде арғы-бергі қазақ поэзиясында аңшылық туралы ең әдемі жазылғаны Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі» (Мұқанов Сәбит. «Халық мұрасы»: тарихтық және этнографиялық шолу. – «Қазақстан» баспасы, Алматы – 1974. – 96-97 б.), [4] – деп осы ойын дәлелдейді.

### ӘДЕБИЕТ

1. Суханбердина У. (күрастырушы). «Дала уалаятының газеті: Адам, қоғам, табиғат» – Алматы «Ғылым» – 1994. – 384, - 389 б.

2. Таранов Павел. «Звезды мировой «философии», «Энциклопедия высокого ума». – Москва Аст издательство, 1999. – С. 118.

3. Мұхаммед пайгамбар хадистері.

4. Мұқанов Сәбит. «Халық мұрасы»: тарихтық және этнографиялық шолу. «Қазақстан» баспасы, Алматы – 1974. – 86 - 97 б.

### Резюме

*В статье дан анализ статьи, напечатанной в газете «Дала уалаяты» за № 2,3 1895 г. и раскрыто значение в воспитании традиций охоты и их влияние для развития зоркости, находчивости, проявления уважения к взрослым и внимания к младшим.*

## Resume

*In the article is given the analysis of the article, typed in the newspaper «Dala ualayati» by the № 2,3 1895 y. is revealed the importance in the upbringing the tradition hunts and their influence for development of sharp-eyed, resourcefulness, manifestations of the respect towards the adults and attention to the youth.*